

Қысқа мерзімді жоспары				
Бөлім	Google drive -та құжатты бірлесіп жұмыс істеу қызметін пайдалану			
Педагогтың аты-жөні	«Балдәурен» РОСО филиалы, Давидов И.У			
Күні				
Сынып 9	Қатысушылар саны		Қатыспағандар саны	
Сабақтың тақырыбы:	Құжаттармен бірлесіп жұмыс жасау			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	9.1.3.1- интернет қызметтерін қолдана отырып, құжаттарды құру, өзгерту және қарастыруда бірлесе жұмыс істеу (мысалы, жұмыстарды веб-серверге – бұлттық есептеулерге, блогтарға, Уикипедияға жүктеу)			
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар:			
	Web 2.0 жобалау жүйесімен танысу.			
	Көптеген оқушылар:			
	Google Docs қызметтерін анықтау, салыстыру.			
Сабақтың мақсаты:	Кейбір оқушылар:			
	Google Drive қызметінің маңыздылығын түсіндіріп, тұжырым жасау.			

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезені/ уақыт	Педагогтың әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>1.Оқушылармен амандасу.</p> <p>2.Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру.</p> <p>Ой сергіту. «Көпір» ойыны.</p> <p>Еденде бормен көпір (түзу) сызылады. Екі топ болып бөлінген, бір-біріне қарсы шыққан балалар көпірден құлап қалмай өтуі керек. Балалар бір-біріне көмектесіп, орындарын ауыстырып, бір-бірін өткізіп жіберулері керек.</p> <p>Бұл ойыннан біз бір ақпаратты бірігіп қолдануымызға, жан-жақты жолмен жүрсек те бір көпірден бірге өту жолын табу қолымыздан келетіндігін түсіндік.</p> <p>Үй тапсырмасы. «Ғажайып алаң» ойыны</p> <p>-Оқушылар плакатқа шеңбер сызып бірнеше бөліктерге бөледі. Әр бөлікке топтағы оқушылардың есімдері жазылады. Шеңбердің ортасына қаламды түйреуішпен тіреп тұрып түйреуішті айналдырады. Түйреуіш қай есімде тоқтаса, сол оқушыға өткен тақырып бойынша сұрақтар қойылады.</p> <p>Оқушылардың жұмыстарын ауызша мадақтау, ынталандыр.</p>	<p>1.Мұғаліммен амандасады.</p> <p>2.Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады.</p> <p>3.Сабақтың мақсаттарымен танысады.</p>	Стикер	Слайд
Сабақтың ортасы	<p>Жаңа тақырыпты түсіндіру.</p> <p>Миға шабуыл сұрақтарымен жұмыс жасау</p> <p><input type="checkbox"/> Құжаттарды компьютерде бірлесе жасаудың қандай тиімді жақтары бар?</p>	Мұғалімді тыңдайды	Электрондық журналға бағалау	Слайд

	<p>□ Бұлттық қызмет түрі болмаған жағдайда компьютерде құжаттарды бірлесіп өңдеуді ұйымдастырудың қандай жолдарын айта аласың? Оқулықпен жұмыс Мұғалім түсіндірмесі Оқушыларға Google Drive-та құжатты бірлесе өңдеу қызметі туралы ұғымдарын қарапайым түрде түсіндіру керек. Компьютермен жұмыс 1. Word-та жасалған құжаттың бірін таңда. 2. Бұл құжатты Google Drive қоймасына жүкте. 3. Жүктелген құжатты Google Drive-та редакцияла. Жұмысты орындау қадамдары: 1. Интернетте www. google.kz серверін іске қосып, өз аккаунтыңды белсенді ет. 2. Адрес алаңына https://drive.google.com/ адресін теріп, Google Диск серверін іске қос. 3. Сервердің оң жақ жоғары бұрышында Google Қосымшалар (Приложения Google) батырмасын бас (1-сурет). 4. «Ата-аналар жиналысының бағдарламасын» мәтіндік редакторда жаса. Ол үшін Құру (Создать) батырмасын бас (1-сурет). Ашылған мәзірден Google Документы командасын тандап, құжатты редакцияла. 5. Берілген тапсырма мәтінін енгіз. Редактор терезесінде орналасқан құралдарды пайдаланып, өз қалауың бойынша мәтінді пішімде.</p> <p>6. Файл – Переименовать командаларын орындап, жасалған файлдың атын «9-сынып ата-аналар жиналысы» атауымен қайта ата. 7. Үнсіздік бойынша, жасалған файл тек құжат иесіне ғана қолжетімді болады. Құжатқа барлық қолданушыларға қолжетімді болу үшін редактор терезесінде Қолжетімділікті Баптаулар (Настройки доступа) командасын орында. 8. Ортақ қолжетімділік (Совместный доступ) терезесінен құжатты бірлесе өңдеуге шақыратын пайдаланушылардың электрондық пошталарын енгізіп,</p>	<p>Арифметикалық өрнектерді орындау ережелерін дәптерге жазады</p>		<p>Бағалау кестесі</p>
--	--	--	--	------------------------

	<p>Жөнелту (Отправить) батырмасын бас. (2-сурет).</p> <p>9. «Ата-аналар жиналысының бағдарламасын» сыныптастарыңмен бірге өңдеулеріңе болады.</p> <p>Дескриптор</p> <p>Мәтіндік редакторда жасалған құжатты Google Drive қызметіне ауыстырады;</p> <p>Құжатты бірлесіп өңдейді.</p> <p>Топтық жұмыс</p> <p>Сыныптастарыңмен бірлесіп өңдеуге арналған құжатты жоспарлаңдар.</p> <p>Құжатқа тақырып таңдап, құжатты өңдеуді өзара бөлісіндер.</p> <p>Дескриптор</p> <p>Google Drive-те құжатты бірлесіп өңдейді.</p> <p>Шағын эссе</p> <p>Құжатты бірлесіп өңдеудің тиімділігі мен кедергілері туралы шағын эссе жазыңдар.</p> <p>Оқушылардың жұмыстарын бағалау кестесіне балл қою арқылы бағалау.</p>			
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>1. Web 2.0 қызметінің Web 1.0 қызметінен қандай айырмашылығы бар?</p> <p>2. Google Docs қызметі қандай бұлтты қызметтер ұсына алады?</p> <p>3. Google Drive бұлтын пайдалану қандай алгоритмдерден тұрады?</p> <p>4. Құжатқа барлық Интернет қолданушыларға қолжетімді болу үшін қандай командаларды орындау керек?</p> <p>«Табыс сатысы» әдісі</p> <p>Оқушылар не білемін, не білдім, не білгім келеді?</p> <p>Сатыларына өз пікірлерін жазады.</p>	<p>Өзін-өзі бағалау.</p>		<p>А4 парағы</p>